

**6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Жақсылық Әлихан Алтынханұлының «Денсаулық сақтау саласындағы
ғылыми жарияланымдар ретракциясы: проблемаларды талдау және
оларды шешу жолдары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми кеңесші, медицина ғылымдарының кандидаты,
профессор Есиркепов Марлен Махмудовичтің**

ПІКІРІ

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі уақытта денсаулық сақтаудың әртүрлі салаларындағы ғалымдар арасында жарияланым белсененділігін арттыру үрдісі байқалады. Алайда, жарияланымдар санының артуы, олардың түгелдей дерлік мінсіз сапаға ие екенін білдірмейді. Зерттеу барысында ғалымдар зерттеу нәтижелері баспаға шыққаннан кейін абайсыз, сонымен қатар қасақана қателіктер жіберуі мүмкін. Баспаға шыққаннан кейін мұндай басылымдар дәрігерлерді, мейірбикелерді, студенттерді және тіпті пациенттерді қоса алғанда, көпшілікке қол жетімді болады. Аталған оқырмандарды адастырмау үшін және медициналық мамандарды пациенттерді басқару мәселелерінде бұрыс шешімдерден сақтандыру үшін ретракция процедурасы қолданылады. Бұл процесс жарияланған материалдардағы елеулі этикалық бұзушылықтар туралы хабарлайды. Ұсынылып отырылған диссертациялық жұмыстың мақсаты денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жарияланымдарды ретракциялау проблемаларына жан-жақты талдау жүргізіп, оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Аталған мәселелер мақалалардың ретракциясының негізгі себептерін дәріптейтін, сондай-ақ қазақстандық ғалымдардың болашақ ғылыми жарияланымдарының сапасын жақсартуға ықпал ететін маңызды пәнаралық тақырып екені сөзсіз.

Ғылыми нәтижелер және олардың сенімділігі. Жақсылық Әлиханның диссертациялық жұмыс негізінде алынған нәтижелері жоғары дәрежеде ұйымдастырылған ғылыми қызметтің нәтижесі болып табылады. Атап айтқанда, Жақсылық Әлиханның диссертациялық жұмысы Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша 1 квартильдің жоғары рейтингті халықаралық рецензияланатын журналында жарияланған төрт мақаланы, сондай-ақ КР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне кіретін журналда жарияланған бір мақаланы қамтиды. Бұл ретте, жарияланған бес мақаланың үшеуінде Әлихан Жақсылық алғашқы автор болып табылады және бұл оның зерттеуге қосқан жеке үлесін көрсетеді. Диссертациялық зерттеудің әр мақаласында ғалымдар, жас зерттеушілер мен дәрігерлер үшін құнды тұжырымдар бар. Әдебиеттік шолу жаһандық библиографиялық дереккорлардан ізденуге негізделген және дәйексөздің жоғары деңгейі бар зерттеу тақырыбына сәйкес мақалаларды қамтиды.

Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертациялық зерттеу Қазақстанда, сонымен қатар әлемде де ғылыми жарияланымдарды ретракциялау проблемасына кешенді шолуды қамтитын өз құрылымы бойынша бірінғай болып табылады. Бұл ретте шолу тек медицина саласын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі бағыттар бойынша ретракция проблемасын түсінуге мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер Қазақстандық ғалымдарға мақалаларды жариялау кезінде қателіктерді болдырмауға көмектеседі, сонымен қатар ретракциялардың санын азайтуға өз септігін тигізеді. Диссертациялық жұмыс негізіндегі нәтижелер жеке ғалымдардың, жас зерттеушілердің, дәрігерлердің ғана емес, сонымен қатар академиялық мекемелердің назарын аудартуы мүмкін, өйткені ретракцияны болдырмау үшін берілген ұсыныстар жеке деңгейді ғана қамтымайды.

Диссертация материалдарын жариялау. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері келесідей мақалалар сериясында ұсынылды:

1. «Analysis of Retracted Publications in Medical Literature Due to Ethical Violations» («Journal of Korean Medical Science», Корея Республикасы; Q1 Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша; үшінші автор);
2. «Characteristics of Retracted Publications From Kazakhstan: An Analysis Using the Retraction Watch Database» («Journal of Korean Medical Science», Корея Республикасы; Q1 Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша; екінші автор);
3. «Research Integrity: Where We Are and Where We Are Heading» («Journal of Korean Medical Science», Корея Республикасы; Q1 Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша; бірінші автор);
4. «YouTube as a Source of Information on Public Health Ethics» («Journal of Korean Medical Science», Корея Республикасы; Q1 Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) деректері бойынша; бірінші автор);

5. «Анализ базы данных Retraction Watch по ретрагированным медицинским статьям из Казахстана» («Journal of Health Development», Қазақстан Республикасы; журнал ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне кіреді; бірінші автор). Жарияланған барлық мақалалар жалпыға ортақ және әлемдік медициналық қауымдастықтың пікірлері үшін ашық алаңда баспаланған.

Корытынды пікірлер. Зерттеудің барлық маңызды аспектілерін жан-жақты талқылап шешу үшін Жақсылық Әлихан интеллектуалдық деңгейі мен теориялық біліктілігі, оңтайлы амалдарды өнерпаздықпен қолдана білуі алға қойылған міндеттерге қолжеткізуде өз септігін тигізді. Жақсылық Әлихан зерттеу алдына қойған мақсат пен міндеттерді оңтайлы орынданап шықты. Зерттеу барысында Жақсылық Әлихан өзін жауапты, мақсатты және атқарушы жас ғалым ретінде көрсетті. Менің ойымша, Жақсылық Әлиханның диссертациялық зерттеу жұмысы халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жоғары ғылыми және практикалық құндылығы бар аяқталған жұмыс болып табылады.

Жақсылық Әлиханның диссертациялық зерттеу жұмыстарының нәтижесін Қазақстан Республикасының ғалымдары мен жоғары оқу орындарына, өздерінің ғылыми зерттеулерінде пайдалануды ұсынатыны және осы зерттеудің нәтижелерін қолдайтындығы туралы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің хатымен расталған.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, Жақсылық Әлиханның диссертациялық жұмысы өзіндік бірегей ғылыми зерттеу болып саналады және қойылған мақсат, міндеттер, зерттеу көлемі мен әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденудің диссертациясына қойылатын талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек ретінде көрініс табады.

Жақсылық Әлихан 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші,
«Оңтүстік Қазақстан
медицина академиясы» АҚ
бірінші проректоры,
м.ғ.к., профессор

